

Тұтқыш А.Ж., академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, тарих факультеті, МИО-61 тобы, магистрант
(Ғылыми жетекшісі — т.ғ.к., доцент Бейсенбекова Н.А.)

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ – ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ

XX ғасырдың басындағы ұлы тұлға, қазақ интеллигенциясының бірі – Ахмет Байтұрсынұлы. Қазақ қоғамының дамуына қосқан үлесі, шығармашылық ізденістері мен батыл пайымдаулары жаңашылдықты бастады. XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басында Ресей империясының саясаты құрамындағы халықтардың мәдениетін тоқырауға, әлеуметтік жағдайының төмендеуіне алып келді. Ахмет Байтұрсынұлы өмірінің басы мен соңына дейін қазақ елінің рухани жаңаруына арнап, XX ғасырдың 30 жылдарындағы жаппай қуғын-сүргін құрбаны болды. Ахмет Байтұрсынұлының қалдырған мұрасы ауқымды және орасан зор. Оның өмірі, қазақ жағдайының жақсаруының барлық салаларын қамтитын іс-шаралар, ой-пікірлері, идеялары осыған дәлел. Ғалымдар Ахмет Байтұрсынұлының осы күнге дейін еңбектерін зерттеумен келсе, өскелең ұрпақ үлкен құрметпен шығармаларынан білім алып жүр. Мақалада Ахмет Байтұрсынұлының еңбектеріндегі ұлт мүддесіне арналған шығармаларының кейбір үзінділерін көрсетуге тырысамыз. «Алаш» сөзі қазіргі тәуелсіз Қазақ елінің әр азаматының түсінігінде өз орны бар тарих. Ал XX ғ. басындағы бұл ел болу идеясы алдыңғы прогрессивті ойлайтын интеллигенция өкілдерінің үлкен мақсаты, болашақтағы арманы болды.

Ахмет Байтұрсынұлы 1995 жылдан ағартушылық қызметпен айналысып, көптеген еңбектер жазады. Саяси өмірге белсене араласуын 1905 жылғы «Қарқаралы петициясының» авторларының бірі болу арқылы танытады. Ел қамын ойлау мақсатында жазылған петицияда тіл еркіндігі, қазақ тіліндегі газеттің болуы, баспаханаға рұқсат, жер мәселесі, шаруаларды көшіруді тоқтату, сот және т.б. өзекті мәселелерді шешу талап етілді. Осы істен соң бақылауға алынып, нәтижесінде 1909 жылы Семей түрмесіне тұтқынға алынады. Сегіз ай абақтыдан соң Ерекше кеңестің шешімімен 1910 жылы Орынборға жер аударылады [1].

«Қырық мысал» атты алғашқы жинағын Ахмет Байтұрсынұлы 1909 жылы Петербург қаласында баспадан шықты. Бұл жинақ Эзоп, Крылов және Абай еңбектерінің түпнұсқаларына бейімделіп жазылған еді. Ақын бұл еңбек арқылы патша үкіметінің отарлық саясатын, жүйесіз шаруашылығын сынады. Жұртты білімге, дамуға, бірлікке, елге қызмет жасауға шақырды. «Аққу, шортан һәм шаян» мысалында Ахмет Байтұрсынұлы өзінің ойын жеткізу үшін қарапайым қазақ танымына түсінікті етіп жазған.

*Жүк алды Шаян, Шортан, Аққу бір күн,
Жегіліп тартты үшеуі дүркін-дүркін.
Тартады Аққу көкке, Шаян кейін,
Жұлқиды суға қарай Шортан шіркін, -*

деген жолдармен басталатын бұл мысал қоғамдағы үлкен мәселені қозғап отыр. Әркім өз пайдасына тартып, ауызбірліктің болмауы, бастаған істің соңына дейін аяқталмауы, қарапайым дүниені күрделендіру, берекенің қашуы және өзге де мәселелерді осы мысалмен көрсетеді. Соңғы шумағында алдыңғы үш шумақтағы мәселелер шешімін тауып, ынтымақ-бірлік арқылы үлкен нәтижеге қол жеткізу мүмкін екенін көрсетеді. Бұл мәселелер қазіргі таңда өзекті болып табылады. Аудармаларында адамдардың кейіптерін аңдардан тауып, кейді жұмбақтап, кейде тура жеткізеді. Әсіресе империялық зорлық-зомбылықты, ауқатты байлардың көрсеткен қысымын сынайды.

*Қасқырдың зорлық болды еткен ісі,
Ойлаймын: оны мақтар шықпас кісі.
Нашарды талай адам талап жеп жүр,
Бөріден артық дейміз оның несі.*

деп қоғамның әлеуметтік мәселесін көрсететін оқиғаларды, адамдардың мінез-күлқын бейнелейді. 1911 жылы Ахмет Байтұрсынұлының маңызды шығармаларының бірі «Маса» еңбегі жарық көрді. Бұл жинақ қоғамның мәдениеті мен жоғары білімін құруды поэзия түрінде жеткізеді. Адам қасиетінен надандықты, немқұрайлықты, бейжайлықты жоюға шақырды. «Маса» еңбегі қазақ әдебиетін жаңа деңгейге көтереді [2].

Ахмет Байтұрсынұлы өзінің алғашқы әдеби зерттеу жұмысын Орынборда жүргізді. Оның нәтижесі «Қазақ» басылымында жарияланды. Ғалым Абайдың рухани мұрасының қазақ мәдениетіне әсерін қарастырды, ұлы ақын шығармаларының орасан зор маңызын ашты.

Ақынның қоғамның демократиялық құрылымы туралы ойларын дамыта отырып, Ахмет Байтұрсынұлы оларды Қазақстандағы кәсіби журналистиканың негізіне қойды. 1926 жылы Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» ғылыми -теориялық еңбегін жариялады. Онда ол әдебиет теориясы мен сынына, тарих пен әдістемеге нақты анықтамалар берді. Бұл қазақ әдебиетінің алғашқы іргелі зерттеу жұмысы болып табылады.

«Аталы жұртымыздың, ауданды ұлтымыздың аруақты аты деп, газетіміздің атын «қазақ» қойдық» [3, 11б.] - деп, Ахмет Байтұрсынұлы 1913 жылдың 2 ақпанынан бастап ұйымдастырушысы және редакторы болған «Қазақ» газеті туралы жазады. Халықтың тіршілігіндегі көз, құлақ және тіліне айналған бұл газет үлкен еңбектің нәтижесі. Газет мақсаты – бытыраңқы қазақты біріктіру, халықты ағартушылыққа үндеу, жерді сақтау, еңбекке шақыру және т.б. еді. Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулатұлы және т.б. ұлт зиялылары бастаған бұл газетте бостандық идеяларын насихаттайтын, қазақ халқының тарихы мен мәдениетін зерттейтін, әдеби туындылар, білім, оқыту және тәрбие, елдің әлеуметтік деңгейін, денсаулық мәселелерін ашатын мақалаларды жариялады. Оған дәлел: «Жазу мәселесі», «Тіл құрал», жоғарыда қарастырылған «Қырық мысал», «Білім жарысы», «Бас қосу», «Егін егу», «Ауру жайынан» - Ахмет Байтұрсынұлы; «Рухани мәдениет қарауылынан», «Без ауруы», «Ашық хат», «Қара қыпшақ Қобыланды» - Әлихан Бөкейхан; «Оян, қазақ», «Жазу жөндеу», «Елімай», «Шәкірт», «Оқушыларға жәрдем» - Міржақып Дулатов, «Тамыр дәрі қақында», «Жұқпалы ауру» - Халел Досмұхамедов және өзге де зиялылардың еңбектері. Алаш зиялылары халықты ағарту мен жалпы мәдениетке ұмтылуға шақырды, осы кезекте алдымен ана тілінде әдебиеттің дамуын көздеді.

1917 жылғы 21 қарашада «Қазақ» газетінде № 251 басылымында шыққан «Алаш партиясының бағдарламасы жобасының» авторларының бірі Ахмет Байтұрсынұлы болды. Тоғызыншы бөлімге ерекше назар аударылады: «білім беру ордаларының есігі барлығына ашық және тегін; барлық адамдарға міндетті білім алу талап етіледі. Бастауыш мектептерінде оқыту тек ана тілінде жүреді, қазақтар орта мектептер мен университеттерді өзінің тілінде құрады. Білім беру жүйесі дербес түрде тәуелсіз: билік білім беру жұмысына араласпайды, профессорлар мен оқытушылар белгілі конкурс негізімен тағайындалады, жаңадан кітапханалар ашылады» [4].

Байтұрсынұлы шығармашылық жұмысын өлең жазудан бастаған. Онда ол еңбекші халықтың ауыр халін, арман-тілегін, мұң-мұқтажын көрсетіп, жұртшылықты оқуға, білім-ғылымға, рухани биіктікке, адамгершілікке, мәдениетті көтеруге, еңбек етуге шақырады.

Патшалық Ресейдің қанаушылық-отаршылдық саясатын, шенді-шекпендінің алдында құлдық ұрған шенеуніктердің опасыздығын сынады.

Ақынның алғашқы өлеңдері «Қырық мысал» атты аударма жинағында 1909 ж. Санкт-Петербургте жарық көрді. Бұл кітабы арқылы қалың ұйқыда жатқан қараңғы елге жар салып, олардың ой-санасын оятауға бар жігер-қайратын, білімін жұмсайды.

Ақын әрбір аудармасының соңына өзінің негізгі ойын, айтайын деген түйінді мәселесін халқымыздың сол кездегі тұрмыс-тіршілігіне, мінезіне, психологиясына сәйкес қосып отырған.

Байтұрсынұлының екінші кітабы – «Маса» (1911). Бұл кітапқа енген өлеңдерінде ақын қараңғылық, надандық, шаруаға енжарлық, кәсіпке марғаулық сияқты кемшіліктерді сынады[5].

Ұлт мүддесі үшін бар өмірін арнаған Ахмет Байтұрсынұлы өзінің серіктерімен қандай уақыт болмасын қазаққа үлгі болады. Себебі, бұл тұлғаларды зерттей отыра сіз жақсылық пен әділеттілікті, адалдық және парыз, намыс пен ар-ождан, оқу мен еңбектің не екенін түсініп, осы асыл қасиеттерді бойыңызға сіңіре аласыз. Олардың өмірлік ұстанымы – халқының болашағын жақсарту үшін үлкен жоспарлар құру және оны жүзеге асыру мақсат етілді. Тіл – халықтың негізі болып табылады. Қазақ зиялылары XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басында Ресей және т.б. елдердің белді университеттерінде білім алды. Онда олар өзге тілде оқып, білгенін сол тілде жазып қалдырды. Ахмет Байтұрсынұлының бастауымен қазақтың бір топ зиялысы қазақ тіліне ден қойдырып есін жидырды. Оған дейін орыс, татар және т.б. тілдерін өз еңбектерінде пайдаланды. Бұл әрекет Ахмет Байтұрсынұлының ұлт мүддесін ойлап, ел болашағына деген жанашырлығын, алыстан болжайтын көрегендігін байқаймыз. Мұхтар Әуезов: «Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі елшілдік ұраны – «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газеті, жалпы қазақ баласына жасаған еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайратын біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын. Оны жұрттың бәрі біледі. Бұның шындығына ешкім дауласпайды», - деп үлкен баға береді.

Қорыта келгенде, Ахмет Байтұрсынұлы ұлы тұлға екеніне көзіміз жетіп отыр. Бала жасынан әділетсіздік пен сұм саясаттың қатігездігін өз отбасынан көріп, бар өмірін осы әділдік

жолына арнайды. Қазақ тілінің мәртебесін көтеріп, «Әліпбиін» араб графикасымен жазып, ғылыми түрде латын графикасына қарағанда бізге жақын екенін дәлелдеп берді (Баку, 1926 ж.). Ахмет Байтұрсынұлы «Егерде біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек, қарнымыз ашпас қамын ойлағанда, тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлау керек», - айтқан сөзінен тілге құрмет жоғары мәртебеде болуы тиіс екенін нақты айтады. Бұл сөзі қазіргі күні де өзекті мәселелердің бірі. Жарқын тұлғаның, талантты ақынның, ұлы реформатордың, атақты ғалымның еңбектерін әлем халықтарының тілдеріне аударса – үлкен іс болады. Ахмет Байтұрсынұлының мұрасы өз халқының ғана емес, әлем халықтарының мұрасының бір бөлігіне жатады. Ғалымның еңбегі барлық адам баласына қол жетімді болуы керек деген ойдамыз. Өзге Алашордалықтар секілді Ахмет Байтұрсынұлы қазақ халқының болашақта үлкен жетістіктерге жетіп, бәсекеге қабілетті болатынына кәміл сенді, және осы жолда өмірлерінің соңына дейін қызмет қылды.

Әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А. Ақ жол. Өлеңдер мен тәржімелер, публ. Мақалалар және әдеби зерттеу / Құраст. Р. Нұрғалиев. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
2. Байтұрсынұлы А. Қырық мысал. Өлеңдер. - Алматы: Жазушы, 2004. - 120 б.
3. Нысанбаев Ә. Қазақ. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998. – 560 б.
4. Байтұрсынұлы, А. Көп томдық шығармалар жинағы. Алматы: Алаш. 5 том: Ер Сайын. 23 жоқтау мақалалар.-2006.- 288 б.
5. Байтұрсынов, А. Тіл тағылымы /Құрастырған Г.Әнесов, А.Мектепов. - Алматы: Ана тілі, 1994. -446 б.
6. Байтұрсынов, А. Шығармалары Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. - Алматы: Жазушы, 1989. - 319б.

Усенова З.А., академик Е.А.Букетов атындағы Қарағанды университеті, философия және психология факультеті, П-21 тобы, студент
(*Ғылыми жетекші — т.ғ.к., асс.профессор Жумасұлтанова Г.А.*)

ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫНДАҒЫ ТЕРРОРИЗММЕН КҮРЕСУ ЖОЛДАРЫ

Еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізгенінен бүгінге дейін Қазақстан әлемдік деңгейдегі елдермен бәсекелес бола алатынын дәлелдеді. Барлық сала жағынан халықаралық деңгейде белсенді түрде даму үстінде. Бірақ қоғамды уайымдататын мәселелерде аз емес. Сол мәселелердің бірі – терроризм болып табылады. Соңғы он жылдықта терроризмнің зияны мен жиілігі адамзаттың ең үлкен халықаралық проблемасына айналды.

Терроризм бірден пайда болған жоқ. Ол ұзақ жылдар бойы түрлі бағытта дамып, осы күнге дейін өсіп келеді. Тарихтағы алғашқы ұйымдасқан лаңкестік топтардың бірі - сикария. Бұл атау латынның “sica” - “қанжар” - ал сөзбе-сөз аударғанда “қанжаршылар” деген мағына береді. Сикарийлердің іс-әрекеттерінде діни фанатизм мен саяси терроризмнің үйлесімі байқалады. Қиындық болған кезде олар қуаныш әкелетін нәрсені көрді және жеккөрінішті режимді құлатқаннан кейін Құдай өз халқына көрініп, оларды азаптан құтқарады деп сенді [1].

Қазіргі кейбір әдебиеттерде терроризм - экстремизмнің көрінісі: жарылыстар, өртеу, радиоактивті және күшті заттарды қолдану, апаттарды ұйымдастыру, адамдардың қаза болу қаупін туғызу немесе адамдарды ақшаға айырбастау және оларды жою деген мағынада түсіндіріледі [2, 19].

XX ғасырда лаңкестік әдістерін пайдалану жиіленіп мемлекеттік деңгейге дейін жетті. Соның ішінде, КСРО-дағы “қызыл террор” мен фашистік Германиядағы “ұлтшылдық террор” өз азаматтарына қарсы жасалған лаңкестіктің айқын көрінісі болды деп есептеуге болады. Ал, Араб елдері мен Израильдің қарым-қатынасы қатаң да аяусыз лаңкестік соғыстың басталуына әкелген. Міне осы кезеңдерде террор әрекеттері көп байқалған деген пікірлер ғалымдар арасында баршылық [3, 59].

Қазіргі таңда әлемді алаңдатып отырған маңызды діни мәселелердің бірі, тіпті ғаламдық мәселелердің қатарына жатқызуға да болатын құбылыс – діни экстремизм мен терроризм деп айтуға болады. Мысалы, 2020 жылы терроризм әрекеті бойынша 136 мемлекеттің рейтингісі жарияланды (Кесте 1) [4]. Осы рейтинг бойынша біздің еліміз 93 орынға жайғасқан.